



Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Конституция жобасы: түсіндіру науқаны жалғасуда

Иә, ауданда Конституция жаңа жобасын түсіндіру жұмыстары жүйелі жалғасуда. Жалпыұлттық талқылау аясында кеше «Руханият» орталығында өткен этнос өкілдерімен кездесу сол кең ауқымды ақпаратты науқанның бір бөлігі ғана. Жиыңға «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» аумақтық коалициясының мүшелері Қаншағұл Мұстафаева, Қуат Ахетов, Дина Мирман, Анар Жүсіпбекқызы, Гүлжанат Жақсылыққызы қатысты.



Қазір республика көлемінде Конституцияға енгізілетін өзгерістерге қатысты кең талқылаулар жүріп жатыр. Жоба мәтіні ашық жарияланған. Аймақтарда қоғамдық кездесулер, сараптамалық жиындар, еңбек ұжымдарымен пікір алмасулар ұйымдастырылуда.

Референдум – құқықтық шешім. Қазақстан Республикасының «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңына сәйкес, Конституцияға өзгерістер бүкілхалықтық дауыс беру арқылы қабылданады. Бұл – тікелей демократияның маңызды тетігі. Референдум нәтижесі заңдық күші бар шешім болып саналады және бүкіл республика аумағында міндетті. Сондықтан қазір елде жүріп жатқан түсіндіру жұмыстары – жай насихат емес, азаматтардың саналы таңдау жасауына жағдай қалыптастыру үдерісі.

Жиында сөз алған Қаншағұл Мұстафаева Конституция – барлық этнос өкілдерін біріктіретін негізгі құжат екенін атап өтті. Оның айтуынша, ұсынылған өзгерістер әр азаматтың тең құқықтары мен мүмкіндіктерін нақтылауға бағытталған. «Ұсынылған өзгерістер әр азаматтың тең құқықтары мен мүмкіндіктерін нақтылауға бағытталған. Конституцияның жаңа жобасында бұл қағида тек декларативті ұстаным ретінде емес, нақты құқықтық тетіктер арқылы бекітіледі. Соның ішінде азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау жүйесі күшейтіліп, Конституциялық Сот институты енгізіледі. Бұл – келген азаматқа, Бас прокурорға немесе Адам құқықтары жөніндегі уәкілге заң нормаларының Конституцияға сәйкестігін тексеру жөнінде жүгіну мүмкіндігін бе-

ретін маңызды қадам, яғни құқықтық дауларды шешуде азаматтың тікелей қатысу аясы кеңейеді, – деді Қаншағұл Мұстафаева.

Қуат Ахетов жобадан Парламенттің рөлін күшейтуге қатысты нормаларға тоқталды.

– Жаңа жоба билік тармақтарының арасындағы тепе-теңдікті нақтылауға да басымдық береді. Парламенттің рөлі күшейіп, заң шығару процесіндегі ықпалы артады. Мәжілістің Үкімет құрамын жасақтаудағы қатысуы кеңейіп, атқарушы билікке парламенттік бақылау тетіктері нақтыланады. Бұл өзгерістер мемлекеттік басқарудағы жауапкершілік пен есептілікті арттыруға бағытталған. Сонымен қатар Президент өкілеттілігінің бір бөлігі қайта бөлініп, саяси жүйеде институционалдық тепе-теңдік қалыптастыру көзделді. Мұндай қадамдар басқару моделін бір орталыққа шоғырландырудан гөрі жүйелі әрі үйлесімді шешім қабылдау механизмін көшіруді мақсат етеді, – дейді ол.

Жаңа жобада адам құқықтарын қорғау мәселесіне ерекше назар аударылған. Өлім жазасын толық жою нормасының конституциялық деңгейде бекітілуі – халықаралық құқықтық стандарттарға сәйкестенудің нақты көрінісі. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесі айқындалып, оның тәуелсіз қызмет етуіне кепілдік беріледі. Бұл институттың конституциялық деңгейде бекітілуі азаматтардың шағымдарын қарауда қосымша құқықтық қорғаныс тетігін қалыптастырады. Бұл тақырыптың тәңірінде Дина Мирман адам құқықтарын қорғау бағытындағы өзгерістерге назар аударып, Конституциялық

Соттың құрылуы азаматтардың тікелей жүгіну мүмкіндігін кеңейтетініне тоқталды.

Анар Жүсіпбекқызы мен Гүлжанат Жақсылыққызы қоғамдық келісім мен этносаралық тұрақтылықтың конституциялық кепілдіктеріне ерекше мән берді. Олар үшін теңдік қағидаты мен құқықтық қорғау тетіктері – басты мәселе.

Жаңа Конституция жобасында қоғамдық келісім мен этносаралық тұрақтылық бұрыннан бекітілген теңдік қағидаттары мен азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін күшейту арқылы қамтамасыз етіледі. Жаңа жобада қоғамдық келісім мен этносаралық тұрақтылық мәселесі бөлек тарау ретінде жазылмаса да, оның құқықтық негіздері нақты нормалар арқылы сақталып, күшейтілген.

2026 жылғы талқылау кезінде түсіндіріліп жүрген негізгі тұстар бар. Біріншіден, Конституцияда Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратыны сақталған. Бұл норма барлық этнос өкілдерінің тең құқықтық мәртебесін қамтамасыз ететін базалық қағида болып қала береді.

Екіншіден, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары ұлтына, тіліне, дініне, әлеуметтік шығу тегіне қарамастан тең екені туралы конституциялық қағида өзгеріссіз сақталады. Кемсітушілікке жол бермеу нормасы – этносаралық тұрақтылықтың құқықтық тірегі.

Үшіншіден, қоғамдық бірлестіктер құру еркіндігі мен пікір білдіру бостандығы сақталады. Бұл этномәдени бірлестіктердің қызметін құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ететін тетік.

Төртіншіден, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесін конституциялық деңгейде бекіту азаматтардың, оның ішінде этнос өкілдерінің құқықтарын қорғау механизмін күшейтеді. Бұл институт кемсітушілікке немесе құқық бұзушылыққа қатысты шағымдарды қарауға өкілетті.

Бесіншіден, билік тармақтарының тепе-теңдігін күшейту мен Парламенттің рөлін арттыру – саяси жүйеде ашықтықты көбейтеді. Ал ашық әрі есеп беретін басқару моделі әлеуметтік шиеленісті азайтудың маңызды факторы саналады.

Кездесуде қатысушылар нақты сұрақтар қойды. Әсіресе билік тармақтарының өкілеттіктері, жер мәселесі, адам құқықтарын қорғау институттарының тәуелсіздігі туралы сұрақтар көтерілді. Ұсыныстар назарға алынды.

Жұмын формалды сипатта өткен жоқ. Қатысушылар өз көзқарастарын ашық білдіріп, талқылау еркін өтті.

Конституция – бір күндік құжат емес. Ол мемлекет пен қоғам арасындағы ұзақмерзімді келісім. Бүгінде ел көлемінде жүріп жатқан талқылаулар – сол келісімді жаңарту әрекеті. Уақыт талабы өзгерген сайын мемлекеттік жүйе де, қоғамдық ой да жаңғыруды қажет етеді. Ел болашағы кездейсоқ қалыптаспайды. Ол құқықтық негізбен, жауапкершілікпен айқындалады. Сондықтан жаңа жобаның жай түзету емес, ел дамуының келесі кезеңіне арналған бағдар деуге болады. Нақты жүйе ұсынылды, ендігі сөз – халықта.

Гүлжан ЕСЖАН

Ел жаңалықтары

Биыл ақпанда елімізде айлық инфляция 1,1 пайыз болды. Бағаның өсуі барлық негізгі сегментте тіркелген. Азық-түлік тауарлары – 1,3, ақылы қызметтер – 1, азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 0,9 пайыз. Жылдық мәнде инфляция деңгейі 11,7 пайызға жетті.

Инфляция: 11,7 пайыз төмендеді



Азық-түлік нарығындағы өзгеріске келсек, ақпанда бір-қатар көкеңіс бағасы өскен. Тарқатып айтсақ, қияр 3,9, басты пияз 3,2, апельсин 0,9, тауық еті 0,6 пайызға қымбаттаған. Ал сүйексіз сиыр еті 0,2 пайыз төмендеген.

Әңделген өнімдер арасында консервіленген жүгері бағасы 8,6, минералды су 6,8 пайыз өсті. Жылдық есепте кейбір әлеуметтік маңызы бар тауарлар арзандаған. Көк шөптер (көк пияз, асқек, ақжелкен) 7,6, кәді 6,2, күріш 4,3, қырыққабат 1,5 пайыз төмендеген. Ал мейіз 8,8, тәтті печенье 8,5, бал 7,2, құрма 5,8 пайыз қымбаттаған.

Жалпы жылдық мәнде азық-түлік бағасы 12,7 пайыз өскен. ал тұрмыстық тауарлар бағасы мен қызмет көрсету саласына келсек, азық-түлікке жатпайтын тауарлар сегментінде де баға құбылуы байқалады. Кір жуатын машиналар 7,4, стерильді таңғыштар 3,8, электр шайнектер 2,6 пайызға қымбаттаған. Смартфондар керісінше 1,7 пайыз арзандады.

Кейбір тауарлар бойынша өсім айтарлықтай байқалады. Мәселен, бұл көрсеткіш үтіктеуге арналған тақтайда 12,4, стақандар жиынтығында 8,9, кір жуу ұнтағында 1,5 пайызға төн.

Былтыр ақпанмен салыстырғанда душқа арналған гель 15, цемент 11,2, жуу және тазалау құралдары 9,3, тұсқағар желімі 5,7 пайыз өскен. Жылдық мәнде азық-түлік емес тауарлар 11,6 пайыз қымбаттаған. Ақылы қызметтер бағасы да ақпанда 1 пайыз өсті. Кинотеатр қызметі 2,2, фотограф қызметі 0,5 пайызға қымбаттады.

Жылдық көрсеткіш бойынша киім тазалау қызметі 14,5, косметолог қызметі 12,7, жаттығу залдары абонементі 10,1 пайыз өскен. Жалпы ақылы қызметтер бағасы бір жылда 10,8 пайызға артқанын аңғардық.

Тұтыну себетінің құрылымы да басты назарда. Биыл қаңтардан бастап тұтыну бағалары индексі есептеу кезінде азық-түлік тауарларының үлесі 41,1, азық-түлік емес тауарлар 28,4, ақылы қызметтер 30,5 пайыз болды. Инфляция деңгейін сипаттайтын тұтыну бағалары индексі ай сайын есептеледі. Бағалар мен тарифтерге бақылау 537 позиция бойынша жүргізіледі. 2018 жылдан бері динамика арнайы өзірленген интерактивті дашбордта көрсетілген.

Ұлттық статистика деректері баға өсімі барлық негіз санатта сақталып отырғанын білдіреді. Бұл үрдіс ішкі нарықтағы сұраныс пен ұсыныс теңгеріміне, сондай-ақ сыртқы факторларға тікелей байланысты болып отыр.

Медицина қызметкерлері де екпе алады

Қызылшаға байланысты қалыптасып отырған эпидемиологиялық жағдайды негізге алған Денсаулық сақтау министрлігі эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды күшейтті. Жағдай тұрақталғанға дейін 6-10 айлық балаларды қосымша иммундау енгізілген. Сондай-ақ бұрын екпе алмаған 2-5 және 7-18 жастағы балалар мен 30 жасқа дейінгі медицина қызметкерлерін де вакцинациялау ұйымдастырылды.

Ұйымдастырылған ұжымдар мен әскери бөлімдерде вакцинацияланбаған адамдарды уақытша шеттетуді қоса алғанда, жоспарлы емдеуге жатқызуға және эпидемияға қарсы режимге қойылатын талаптар күшейтілген. Министрлік қабылданған шараларды іске асыру қаірінде өзінде оң нәтиже көрсетіп отырғанын мәлімдеді.

«Алдыңғы аптамен салыстырғанда (417 жағдай) қызылша тіркелу жағдайлары 311-ге дейін төмендеді. Төмендегеніне қарамастан, эпидемиологиялық жағдай әлі тұрақты емес. Қызылша дерегінің ең көбі Астана қаласында тіркелді, 81 жағдай. Алматы қаласында 48, Алматы облысында 57, Батыс Қазақстан облысында 29, Атырау облысында 57 және Қостанай облысында 57 жағдай тіркелген. Науқастардың негізгі үлесін 14 жасқа дейінгі екіпке алмаған балалар құрайды» делінген министрлік хабарламасында.

Жыл басындағы жағдай бойынша қосымша иммундаумен 6-11 айлық 36,7 мың бала, жоспарлы вакцинациялаумен 1 жастағы 21,4 мың бала (6,7 пайыз) және 6 жастағы 17 мың бала (4,7 пайыз) қамтылған. Министрлік ахуалға мониторинг жүргізуді және ден қою шараларын үйлестіруді жалғастыруда.

«ЖЖ» ақпарат

Білім

ҰБТ: түлектер тест тапсырады

Елімізде ұлттық бірыңғай тестілеудің наурыз айындағы кезеңі басталды. 6 сәуірге дейін жалғасатын маңызды сынаққа биыл шамамен 184 мың талапкер өтініш білдірген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 20 мыңға артық. Көрсеткіштің өсуі жоғары білімге ұмтылған жастар қатарының көбейгенін аңғартады. Тестілеуге тіркелгендердің 74,4 пайызы қазақ тілін, 25,5 пайызы орыс тілін таңдаса, 216 талапкер ағылшын тілін білімін сынауға ниет білдірген. Статистикалық деректер биылғы науқанның ауқымы кеңейіп, талапкерлер белсенділігінің артқанын көрсетіп отыр.



Көктемнің шуақты лебі сезілісімен мыңдаған жас талапкер үшін тағдыр шешетін кезең басталды. Үміт пен жауапкершілік, сенім мен толықныс тоғысқан сәт – ұлттық бірыңғай тестілеу. Биыл да наурыз айымен қатар басталған маңызды сынақ талапкерлердің білімін ғана емес, табандылығы мен тәзімін таразылайды. Жыл сайын дағдыға айналған науқан сияқты көрінгенімен, бұл сәт – әр талапкер үшін жеке тарих. Биыл тіркелу барысы да өзгерек. Талапкерлер тестілеу күнін уақытын, тіпті тапсыратын пунктін өздері таңдады, яғни жауапкершілік те, шешім де өз қолдарында.

Пән таңдауда да жастардың бағыты анық байқалады. «Математика-физика» комбинациясын талапкерлердің 18,7 пайызы белгілеген. Бұл – елдің болашақ инженерлері, құрылысшылары, энергетиктері қалыптасып жатқан бағыт. Ал 16,6 пайызы «Биология-химияны» таңдаған. Демек, медицинаға, ақ халатты мамандыққа ұмтылғандар қатары аз емес. 10,3 пайызының шығармашылық емтиханды таңдауы өнер мен креативті саласына сенім артқан жастардың да бар екенін көрсетеді.

Тестілеу үдерісі де бұрынғы жүйемен өтеді. Бағдарлама ішінде калькулятор, Менделеев кестесі, тұздардың ерігіштік

кестесі қолжетімді. Тест біткен соң 30 минут ішінде апелляцияға өтініш беруге болады. Қорытынды шыққаннан кейін сертификат талапкердің жеке кабинетінде жарияланады.

Формат өзгермеген үш міндетті пән, екі бейіндік пән барлығы 120 тапсырма. «Қазақстан тарихынан» 20 сұрақ, «Оқу сауаттылығы» мен «Математикалық сауаттылықтан» 10 сұрақтан, әр бейіндік пәннен 40 сұрақ. Ең жоғары нәтиже – 140 балл. Тестілеу уақыты – 240 минут. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар талапкерлерге қосымша 40 минут қарастырылған.

Наурыз айындағы тестілеуге түрлі санаттағы талапкерлердің қатысуы мүмкіндігі бар. Өткен жылғы түлектер, колледжді бітірушілер, шартты түрде ақылы негізде оқып жатқан студенттер, шетелде білім алған Қазақстан азаматтары да бұл тестілеуден тыс қалмайды.

Биыл ҰБТ өткізу барысында Қазақстан бойынша 320 құқық бұзушылық тіркелді. Білім бөсекесі адалдық қағидатына негізделгенімен, талапкердің бәрі бірдей сақталмаған. Смартфон, шпаргалка және өзге де тыйым салынған заттарды аудиторияға алып кірмек болған 198 адам тестілеуге жіберілмей, шеттетілді.

Жалаасы 2-бетте

Кездесу

Жалағаш ауданында Конституцияның жаңа жобасын түсіндіру жұмыстары жалғасуда. Осы бағытта Бұқарбай батыр ауылында жергілікті тұрғындармен мазмұнды кездесу ұйымдастырылды. Басқосуда алдағы референдумның маңызы, конституциялық өзгерістердің негізгі бағыттары және олардың ел дамуына ықпалы кеңінен талқыланды.

Өзгерістер заң үстемдігін қамтамасыз етеді



Кездесуге «Әліплетті және прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» ауамақтық коалициясының мүшелері Қабилбек Нұрмағанбетов, Қаншағұл Мұстафаева, Ләйле Шөменова, Мәрия Кенжеғұлова, Қалдыгүл Дәулет қатысты. Жылда жаңа Конституция жобасының мазмұны, оның халық сұранысына сәйкестігі және қоғамдағы әділеттілікті нығайтуға бағытталған тұстары жан-жақты түсіндірілді.

– Жаңа Конституция жобасы мемлекеттік құрылысты жай ғана құқықтық жаңарту емес. Мұнда бұдан да маңызды міндет бар. Қазіргі қоғамда мемлекет қалай жұмыс істейтіндігі керек? Бұл жүйеде адам мен азаматтың орны қандай болуы тиіс? Міне, осындай сауалдардың алдағы уақытта түйінді тарқатылмақ. Негізгі идея айтпаса да түсінікті, мемлекет азамат үшін қызмет етеді, яғни адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін деген тұсінік болады. Осы логикадан Конституцияның бүкіл архитектурасы туындайды. Жаңа модельдің өзінде адамға бағдарланған тәсіл тұр. Мемлекеттің ең жоғары құндылықтары ретінде адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары тікелей аталады. Бұл саяси ұран емес. Бүкіл құқықтық жүйенің бағытын айқындайтын заңды қағида екені даусыз. Заңдар, мемлекеттік органдардың шешімдері және саяси институттардың қызметі жеке тұлғаның мүддесімен және адам қадір-қасиетін қорғаумен үндесуі тиіс. Алайда адам құндылығын мойындау нақты қорғау тетіктерімен қамтамасыз етілгенде ғана мәнге ие болады. Сондықтан жаңа Конституция тек қағидаларды ғана емес, нақты құралдарды да белгілейді. Сот арқылы қорғану құқығы күшейтілуде және мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянды өтеу міндеті мемлекетке толықтай жүктелуде. Азамат үшін бұл – түсінікті жайт. Егер оның құқықтары бұзылса, оларды қалпына келтірудің заңды жолдары бар. Құқықтық мемлекет дәл осы жерден, яғни адамның өз құқығын қорғай алу мүмкіндігінен басталады. Міне, алдағы саяси науқанның маңыздылығы да осында. Сондықтан алдағы референдум баршамыз үшін маңызды, – деді Қаншағұл Мұстафаева.

Кездесуде Қабилбек Нұрмағанбетов Конституция мемлекеттің негізгі заңы ері әрбір азаматтың құқығы мен бостандығын айқындайтын маңызды құжат екенін атап өтті. Сондай-ақ ол ұсынылып отырған өзгерістер елдің тұрақты дамуына, заң үстемдігін қамтамасыз етуге және мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталғанын жеткізді. – Құқықтар қорғалып, ережелер тұрақты болған кезде, азаматтардың ел басқаруға қалай қатысатыны туралы сұрақ туындайды. Бұған демократиялық институттарды дамыту жауап береді. Жаңа Конституция демократияның бейберекеттік, анархия да емес екенін айқындайды. Бұл жүйе – қоғам өз еркін құқықтық нысанда білдіретін рәсімдер мен келіпідерлер жүйесі. Халық биліктің қайнар көзі ғана емес, сонымен бірге егемендіктің иесі ретінде бекітіледі. Мемлекеттік органдар азаматтардың өкілеттік беруі негізінде және Конституциямен белгіленген қатаң шектерде әрекет етеді. Бұл жүйеде жалпыхалықтық референдум ерекше орын алады. Мемлекет басшысы ел үшін айрықша маңызы бар түйінді мәселелер референдум арқылы шешілуі тиіс екенін ерекше атап өтті. Алдағы саяси науқан азаматтардың тікелей еркін билдіруін көрсетеді және олардың өмірлік маңызы шешімдерді қабылдауға қатысуын қамтамасыз етеді. Осы ұстанымның қисындай жалғасы енді Конституцияға енгізілетін кез келген өзгерістер тек референдум арқылы жүзеге асырылуы тиіс деген бастама бола алады, – деді ол.

Коалиция мүшелері реформалардың басты мақсаты – азаматтардың шешім қабылдау үдерістеріне қатысу мүмкіндігін кеңейту, қоғамдық бақылауды күшейту және ашықтықты арттыру екенін айтты. Сонымен қатар жаңа жоба көлемде талқыланып, халықтың ұсыныс-пікірлері ескерілгені оның шыншай халықтық сипатын көрсететіні тілге тиек етілді.

Кездесуде ауыл тұрғындары өз ойларын ортаға салып, сауалдарын жолдады. Қатысушылар тарапынан белсенді пікір алмасу өтіп, ұсыныстар назарға алынды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Дауыс беруге арналған бюллетень

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын күзәландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін сіз бюллетеньді алғаныңыз туралы тізіміге көз қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады. Бюллетеньде сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға көз көлген белгі қоясыз.

Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетеньді дауыс беру жәшігіне саласыз.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

Есептен шығару куәлігі



РЕФЕРЕНДУМ

www.election.gov.kz

2026 жылдың 15 наурызында республикалық референдум өтеді.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз үлесіңізде референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінде өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса, сіз дереу үлескелік референдум комиссиясына өтінішпен жүгіне аласыз. Егер азамат өзінің болатын жерін өзгертсе, ол 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап, 14 наурыз күні сағат 18:00-ге дейін үлескелік референдум комиссиясына өтініштің негізінде есептен шығару куәлігін алуға құқылы. Есептен шығару куәлігін сөйхмат негізінде алуға рұқсат етіледі.

Есептен шығару куәлігін ұсынған кезде үлескелік референдум комиссиясы дауыс беру күні азаматтың оның болатын жері бойынша үлескелік тізіміне енгізіледі. Бір елді мекеннің шегіндегі басқа үлескелік дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейді.

Әрқайсысымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

Сұхбат

Әбдісаттар Бақтыбаев, «Жалағаш аудандық ветеринариялық станциясы» ШЖҚ КМК директоры:

Төрт түлікті дерттен сақтау — маңызды міндет

Қазақтың бұрынғы көшпелі өмірінде тұтынар барлық өнімі алдындағы төрт түлікке байланысты болды емес пе?! «Мал-жананың аман ба?» дейтін бабалар ұрпағының бүгінгі буыны да атакөсіптен ажыраған жоқ. Әсіресе ауыл халқы өлі де қала жұртын асыраушы ретінде белгілі. Өйткені жейтін соғымы, ішер ағарғаны сол шалғайдағы ел бейнетімен, шаруаның маңдай терімен келіп жатқан ақ адал ас. Десек те, мал баққан ағайынды кей-кейде торықтыратын жағдай болып тұрады. Ол – қорасындағы қай түлікте болсын кездесер жаман дерт. Ал ауру меңдеген малдың күйі қашаннан бөлек, одан алынар ет пен сүттің де құрамы күдікті көрінетіні жасырын емес.

Бағзы заманнан бүгінге дейін таза өнім тұтынатын біздің халық мал ауруларына селқос қарамаған. Қарасаң, көбенең, аусылд қотыр мен сіресіпе, шешек пен сарып, маңқа мен тақыр сияқты түрлеріне өз хал-қадірінше емдеу жүргізді. Ал бүгін дара ғылым ретінде дамыған, мал ауруларын алдын алуда көтерер жүгі мол «ветеринария» атты сала бар. Сөз арасында айтқандай, халыққа қажет таза өнім тұтыну осы ғылыммен тығыз байланысты. Ал – таза өнім деннің саулығына бірден-бір кепіл.

Біз аудандағы «Ветстанция» деп жалпылама аталатын, ал негізгі міндеті үй жануарларын аса қауіпті немесе жұқпалы емес және энзоотиялық аурулардан қорғайтын әрі оған қарсы ветеринариялық шара жүргізетін мекеме болды. Кәсіпорын директоры Әбдісаттар Тобжанұлымен Жалағаш жеріндегі төрт түлікке қатысты атқарылған сан жұмысты тізбектеліп, мал шаруашылығын сақтаудағы саланың рөлін, сапалы мал тұқымы мен одан алынатын өнімдердің қауіпсіздігі жайлы аз-көп сұхбат өрбіткен едік...

– Әбдісаттар Тобжанұлы, алдымен ауыл шаруашылығы жануарлары ауруының алдын алу, бірдейлендіру жұмыстарына кеңінен тоқталсақ. Ауданда төрт түлікке қатысты түрлі дертті болдырмауда қандай жұмыс жүрде?

– Қазір жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды қамтамасыз етудің зтайт нормаларын бекіту туралы ҚР Үкіметінің қаулысымен ең алдымен барлық керекті жабдықтар, атрибуттар, құралдар және автокөліктер толығымен алынып, Жалағаш ауданы бойынша ауылдық округтердегі ветеринариялық пункттерге таратылып берілді. Өткен жылдың қорытындысымен бекітілген жоспарға сәйкес ветеринариялық іс-шаралар толығымен атқарылды десек болады. Аса қауіпті 12 түрлі жұқпалы аурудың алдын алуға республикалық бюджет есебінен био-препараттар жеткізіліп, ауылдық округтердегі ветеринариялық пункттерге таратылды.

Диагностика бойынша сарып ауруына 44 мың бас сиыр, 36 мың бас уақ малдан қан сарысуы алынып, тексерілді. Нәтижесінде 7 мүйізді ірі қара және 2 уақ мал анықталып, ветеринариялық-санитариялық талаптарға сай сойылды.

Аудан бойынша 2025 жылдың 1 қаңтарындағы iszh.kz дерекқор базасы туралы мәліметіне сәйкес, веб-порталдың базасы 31 237 ірі қара, 23 916 уақ мал, 31 162 жылқы, 738 түйе және 50 бас шошқа тіркелген.

Өткен жылдың бекітілген жоспарына сәйкес, 9 434 сиыр, 9 959 уақ мал, 6 385 жылқы және 30 түйе бірдейлендірілді. Бірдейлендірудің тиімділігі сол, жануарлардың аса қауіпті ауруларын бақылауда, санитариялық іс-шаралар жүргізуде маңызды болып табылады, яғни аз уақыт ішінде жануардың шығу тегін, орналасқан жерін және одан әрі қозғалыс бағытын, алынатын өнімдерін анықтай аламыз. Жалпы ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жүргізілмеген жағдайда оны жүргізу тәртібі мен маңызы туралы ең алғашымен кент,



ауылдық округтердің ветеринар мамандарына түсіндіріліп, жекелеген округтерге практикалық оқулар, аумақтық инспекция мамандарымен бірлескен жиналыстар өтеді.

Ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне арналған «TortTulik» мобильді қосымшасы іске қосылуына байланысты оның ауыл шаруашылығы жануарларының базасын кеңейтуге ықпалын тигізетіндігі рас. Осы арқылы әрбір жеке қожалық иесі өз жануарларының санына түгендеу жүргізіп және осының арқасында ветеринар дәрігерлер ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды уақытылы және толық көлемде жүргізеді. Аталған қосымша жайлы ауданда күнделікті түсіндіру, ағарту жұмыстары тоқтаған жоқ. Нәтижесінде жоспарланған 3 935 жануар иесінің барлығы «TortTulik» мобильді қосымшасына тіркелді.

Өзіңізге белгілі «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Қазақстан Республикасының заңы қабылданды. Құжатқа сәйкес, үй жануарларын, оның ішінде ит пен мысықты есепке алу кезінде чиптерді, сырғаларды, білезік немесе жағалар, шлейкалар және тағы басқа да бұйымдарды пайдалана отырып, ақылы негізде жүйрігізеді. Тек халықтың өлеуметтік осал топтарына жататын отбасылардың үй жануарларын (ит, есепке алу ғана тегін. Ал тіркеу рәсімдерін мемлекеттік және жеке ветеринариялық қызметті атқаратын ұйымдар жүзеге асырады.

Ескеретін жайт, үйіңіздегі ит пен мысықты тіркеу міндеті болып табылады. Күшіктер мен маргаулар жаңа туған сәттен бастап 45 күннен кейін есепке алынады. Қазір аудан бойынша 600 ит «ТАҢБА.КЗ» платформасына тіркеліп, бұл жұмыс жалғасуда.

– Ветеринария саласындағы кейінгі жылдары қол жеткізген жетістіктерге тоқталсаңыз. Ұмытпасақ, салаға қатысты заңға өзгерістер енді емес пе?

– Оның рас. Ауыл шаруашылығы министрлігін дайындаған Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енді. Қазір уақытта салаға қатысты тиісті негізгі қор мен жабдықтар жергілікті «Ветстанция» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммунальдік кәсіпорны есебіне берілді. Сонымен қатар «Жануарларды жауапкершілікпен қарау Заңының» 2021 жылғы 30 желтоқсандағы 9-бабының 1-2 тармағына сәйкес, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының құзыретіне қарайды. Айталық, бұл органдар үй жануарларын серуендетуге не өзге мақсатта жануарлармен жүруге тыйым салынған орындарды айқындайды. Сондай-ақ қажет болған кезде үй жануарларын серуендетуге арналған орындарды жабдықтайды.

Екіншіден, жануарларға арналған панажайлардың қызметін ақпараттық қамтамасыз етуді және жануарларды жаңа иелеріне беруге, адасып қалған жануарлардың иелерін іздеуге, үй жануарларын стерилизациялау қажеттілігі туралы хабарлауға бағытталған өлеу-

меттік жарнағаны ұйымдастырады. Бұдан бөлек қаңғыбас жануарлар санын реттейді.

Айта кететін тағы бір дүние, екі жылдан бері біздің кәсіби мереке атап өтіледі. Дұрысы, «Кәсіби мерекелер тізбесін бекіту туралы» Премьер-Министрдің орындары – Еңбек және халықтың өлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №258 бұйрығына өзгеріс еніп, елімізде алғаш рет 10 шілде «Ветеринариялық қызметкерлер» күні болып белгіленді. Бұл салаға деген қызығушылықты арттырып, ортамызға жас әрі білімді буынның көптеп келуіне, жалпы ауыл шаруашылығын өркендететін мамандардың қосылуына себепті тигізері анық.

– Кейінгі кездері Үкімет тарапынан ветеринария саласына қаржы бөлініп жүр. Осыған байланысты ауданда қандай жұмыстарға басымдық беріледі?

– Алдымен мынадай мәселе бар. Біздің Жалағаш ауданының көлемінде мал көміділерінің жалпы саны – 15. Оның ішінде 5-еуі типтік жобада. Олар Ақсу, Бұқарбай батыр, Аламесек, Мәдениет ауылдық округтерінде және Жалағаш кентінде орналасқан. Ал қалған 10 ауылдық округте бейімделген түрінде салынған. Аталған қаржыға 2026-2027 жылдары барлық бейімделген мал қорындарын типтік жобада салу жоспарланып отыр. Сонымен қатар тозығы жеткен ветеринариялық пункттің ғимараты да жаңадан салу ойымызда бар.

– Өзіңізге белгілі, кейінгі уақытта сібір жарасы індеті кейбір облыстарда тіркелді. Малдан бөлек адамға қауіпті індетке аудан көлемінде қандай шара қабылданып жатыр?

– Стационарлық қолайсыз пункттердің 1948-2002 және 1935-2013 жыл аралығындағы кадастры бойынша Жалағаш аумағындағы 6 ауылдық округке қарасты сібір жарасы көміділерінің 10 ошағы тіркелген. Белгіленген 10 індет ошағы орнын мемлекеттік жер кадастрының автотандалырылған ақпараттық жүйесіне енгізіп, топографиялық карталары дайындалды. Елді мекендердегі ошақ орындары ережеге сәйкес қоршалып, табаны цементпен бетондалып, белгілер қойылды, аудандық ветеринариялық станция теңгеріміне алынды. Сонымен қатар былтыр аудандағы барлық ауыл шаруашылығы жануарына сібір жарасы ауруына қарсы бекітілген жоғары сай вакцина егілді.

– Енді өсі саладағы халыққа қажет мемлекеттік қызметтер туралы айтсақ...

– Біздің кәсіпорын ең басты екі мемлекеттік қызмет көрсетеді. Біріншісі, ветеринариялық паспорт беру болса, екіншісіне ветеринариялық анықтама ұсыну жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру үшін негізгі бизнес-процестерінде көрнекті мысалының бірі – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру үдерісі. Бұрын бұл жағдай деректерді қолмен енгізумен, ақпараттың қайталануымен, тегтерді жеткізудің қиындығымен және жеке ветеринарларда жүйеге қолжетімділіктің болмауына әкелді. Қазір өзгеріс көп, са-

лада цифрландыру, мобильді және автоматтандырылған жұмыс жүйесі қалыптасты. Ветеринарлар мен жануарлар иелеріне арналған мобильді қосымша бар, сондай-ақ деректерді оқу технологиясы енгізіліп, ветеринариялық паспорт электрондық форматқа ауысты. Бұл қадам жұмысты жеделдетуге, әкімшілік жүктемені азайтуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы жануарларына электрондық тәсілмен чип енгізу жүрде. Аталған чип мал иесіне оның қай жерде жүргені жайлы дерек белгісін бере алады.

Өткен жылы барлығы 7 400 ветеринариялық анықтама, 126 ветеринариялық паспорт берілді. Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде арыз-шағым түскен жоқ, барлығы заңдылыққа сәйкес жүргізілді.

Тұрғындар арасында санитариялық-ағарту бағытында аудандық газетке, өлеуметтік желіде бірнеше мақала жарияланды. Ауыл тұрғындарымен аудандық СЭББ, аудандық әкімшіліктің мамандарымен бірлесіп, тұрақты түрде кездесу де ұйымдастырылып тұрады.

– Демек, саладағы серпінді жұмыстың жүйелі орындалуында мамандардың еңбегі мол дейсіз ғой...

– Әрине, толық солай деп айта аламын. Осы жұмыстарды кәсіпорынның ветеринариялық маман қызметкерлері үлкен ұйымшылдықпен атқарып келеді. Солардың қатарында ветеринар дәрігер-эпизоотологы Б.Балмаханова, Еңбек ауылының пункт меңгерушісі А.Байтасов, Аққыр ауылының пункт меңгерушісі Б.Болтаев, Жаңаталап ауылының пункт меңгерушісі Н.Айғалиев, Мырзабай ахун ауылының ветеринар дәрігері Д.Османханов, Тан ауылының ветеринар дәрігері Л.Сариева, Мәдениет ауылының пункт меңгерушісі Г.Жүнісов, ветеринар дәрігері Қ.Бекетов, М.Шөменов ауылының пункт меңгерушісі Ф.Алмасов, Аламесек ауылының пункт меңгерушісі Ж.Таймбетов, Бұқарбай батыр ауылының ветеринар дәрігері Т.Алиев және Ақсу ауылының пункт меңгерушісі Н.Сәйіпін сінды игілікті істерімен кезге көрініп жүргендері атап өтуге болады.

– Алдағы мақсат-міндеттер қандай?

– Кәсіпорынның алдағы тұрған міндеттеріне келетін болсақ, алдымен аудандағы эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау. Бұл – басты міндет әрі маңызды мол жауапкершілік. Сондай-ақ мал басын бірдейлендіру, жоғары сай эпизоотиялық және энзоотиялық іс-шаралар уақытылы ұйымдастырылады. Ауру белгісі анықталған түліктерді дер кезінде анықтау да күн тәртібінде. Сондай-ақ саланы цифрландыру, Президентіміз айқындап бергендей, ветеринарияға жасанды интеллекттің өнгу жұмыстары қолға алынбақ.

Халқымыз алдымен «мал-жан аман ба?» деп амандық-саулық сұрасады. Өйткені, төрт түлік – күнгері көзі. Сондықтан келешекте мемлекет қамқорлығын пайдаланып, ветеринария жұмысын жақсарту жолында өлі де еңбек ете береміз.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен Ерлан СОЗАҚБАЕВ

ҰБТ: түлектер тест тапсырады

Ал ереже бұзған тағы 120 талапкер аудиториядан шығарылып, олардың тест нәтижелері жарамсыз деп есептелген.

Тестілеуден кейінгі бейнежазбаларды зерделеу барысында да 2 талапкердің сертификатының күші жойылды. Айта кетерлік, бөгде тұлғалардың тәстілеуге қатысу дерегі анықталған жоқ, яғни негізгі тәртіп талаптары қатаң бақылауда болғанымен, адал бөсеке қағидаты сақталғаны байқалады.

Жоғары оқу орындарына грант негізінде түсуге мүмкіндік беретін білім сынағын жаңғырту 2027-2029 жылдар аралығында кезек-кезегімен жүзеге асырылмақ. Бұл – жай ғана техникалық өзгеріс емес, тұтас бағалау жүйесіне жанауа көзқарас қалыптастыруға бағытталған қадам. Басты сәуал – жаңа формат талапкердің білімін қаншалықты терең әрі әділ бағалай алады?

Быыл ҰБТ бұрынғы форматта, өзгеріссіз өтеді. Алайда тәстілеу құрылымын жетілдіру

мақсатында америкалық ETS компаниясымен бірлескен жұмыс басталғаны – халықаралық тәжірибеге бетбұрысты айғақ. Демек, алдағы трансформация мазмұндық сапаны күшейтіп, бағалау тетіктерін жаңғыртуға бағытталмақ.

2027 жылдан бастап пилоттық режимде енгізіліп, 2029 жылға дейін кезек-кезегімен кеңейтіледі деп жоспарланып отыр. Бұл – жүйені бірден емес, сынақтан өткізе отырып жетілдіру тәсілі. Қазір кезеңде формат өзгеріссіз қалса да, басталған реформаның түпкі нәтижесі қандай болмақ? Ол талапкердің логикалық ойлауын, функциональдік сауаттылығын қаншалықты нақты көрсете алады? Уақыт бұл сұрақтарға жауап берері анық. Ал әзірге талапкерлер үшін басты міндет – қолданыстағы формат аясын да бар мүмкіндігін көрсету.

Ұлттық бірыңғай тәстілеу – әр өңірдің білім деңгейін айқындайтын таразы. Қазіргі ақ-

парға сүйенсек, Қостанай облысында талапкерлердің 74 пайызы шекті бағл мекесін еңсерген. Ауданда да нәтиже жаман емес.

Өткен оқу жылында 450 оқушы мектеп бітірді. Соның 388-і ҰБТ-ға қатысып, яғни 87,2 пайызы білім бөйгесіне қосылды. Бұл түлектердің басым бөлігі өз мүмкіндігін сынауға бел буғанын білдіреді. Жалпы орташа бағл – 84,1.

Тұрақты еңбектің нақты өлшемі осындай. 16 түлек «Алтын белгі» иегері атанды. Ең жоғары көрсеткіш – 133 балл Бұл нәтиже 201 мектеп-лицейдің түлегі Жанель Сұлөймөңге тиіспілі.

ҰБТ-ға қатысқан 283 түлек мемлекеттік грант иеленді. Тағы 71 жас арнаулы оқу орындарына түсті. Бір түлек әскер қатарын тандады. Әрқайсысының таңдауы әртүрлі болғанымен, барлығы да үлкен өмірге қадам басты. Биыл аудан мектептерінен 467 оқушы алтын уамен қоштасып, үлкен өмірге қадам

басқалы отыр. Әрқайсысының алдында таңдау, талап және жаңа белес тұр. Қаңтар-ақпан айларында 440 оқушы ҰБТ сынағына қатысып, өз мүмкіндігін алдын ала сынап көрді. Аудан бойынша ең жоғары нәтиже – 136 балл Бұл көрсеткішті 232 орта мектептің оқушысы Альфия Балхан өңсерді. Ауыл мектебінен шыққан жас түлектің жоғары балл жинауы білімнің географияға бағынбайтынын дәлелдегендей. Қарапайым білім ошағынан түлеп ұшқан талапкердің табысы – «ауылдан үлкен нәтиже шықпайды» деген ескі түсінікке берілген жауап.

Білім – қазір ең үлкен мүмкіндік. Ал сол мүмкіндікті пайдалана білген жас өз тағдырын өзі қалыптастырады. Биылғы түлектер лғәй үшін шешуші кезек алда. Ал бүгінгі нәтижелер – ертеңгі үлкен жетістіктің бастауы.

Гүлжан ЕСЖАН
БАСЫ 1-BETTE

Әңгіме

Сүркөжек аттың соңғы шабысы

Сүркөжектің ең ақырғы бөйгөсі туралы алыпқашпа әңгіме көп. Күн озган сайын аңызға, ертегіге айналып барады. Әрқилы нұсқалары пайда болды. Алды баспасөзге де шығып кетті. Түптеп келгенде, түйнін біреу-ақ, баяғы Батыраш-Қотыраштың хикаясы. Бөйгенің алдын бермей қояды ғой. Анау тойда да, мынау тойда да. Ақыры, кезекті бір мерекеде қастандық жасалады. Сенімді. Ықтимал жағдай. Әйткенмен, бәрі бекер. Дақпырт. Біреуден біреу естіп, өкініштең аяныштан туған қиял. Аталған бөйге мүлде басқа сыпатта болды. Керек десеңіз, Сүркөжек аттың өзі жұрт көйпөп жүрген әдепкі, топтан озган жүйрік емес, мүлде басқаша бітім, өзгеше тағдырлы тұлпар еді. Нықтап айтып отырғаным, өз көзіммен көрдім. Атты да, бөйгені де. Одан бұрынғы әңгімесім сол той үстінде, осы елде тұратын белгілі этнограф Көмал Жүсіптен естіп білдім.

Сол жылы Сүркөжек жиырма алты жасар екен. Лақса, кәрі ат. Бөйгеден қалғаны қанша заман. Тура он екі жыл Ат иесі Жылқышы атақты жүйрікті балаша мөлелепті. Жүген, құрықсыз, бос жүреді. Жылқышының азғана малымен бірге. Қыста қолда, қорада. Айрықша күтім. Жазда жайлау, өркін кең дүние. Баз-базында, бие сауып жатқанда мегін сүйеп келіп, сауымал сурайды екен. Жөкең неси аясын күнде болмаса да, апта аралатпай, құмарын қандырып жібереді. Көңілі қалмасын деп, ара-тұра ер салады. Кейде аяндап, мал қайырады, кейде желе-жортпы, ауыл арасына қатынайды. Бірақ ешқандай тізгін босатып, шауып көргем жоқ дейді екен Жөкеңнің өзі. Емешегі өзлімек. Ең бастысы, тұлпардың жүрегіне қаю тусуі мүмкін. Бірақ ат та, иесі де өткен мерейлі күндерін ұмытпаса керек.

Ол күндер... Сүркөжектің дер шағы. Құранында көзге түседі. Бестіңізде аламан бөйгеде озады. Ел арыдағы соғыс, кейінгі қиындықтан ес жиган алпысының жылдары аяғы. Тұрмыс оңала бастаған. Халық қайтадан серпіліп, ежелгі дәстүр-салтын тапқан. Кеңестік мерекелердің ең қазақтың ұлттық тойына ұласқан. Көктемде Май, күзде Октябрьдің кезекті жылдығы. Бұл кезде жыл сайын дәстүрлі шоландар тойы деген шыққан. Осы үшеуінде де ұлттық ат ойындары өткізіледі. Әрине, бар мерекенің көрі – аламан бөйге. Сүркөжек тура тоғыз жыл бойы бөйгенің басын бермейді. Арқадағы ең атақты жүйрік екен. Лағып шығатын еді дейді. Содан мөреге дейін жалғыз, дара шабады. Ақыры, тұлпардың тұяғы ауырлай бастаған он төрт жасында ең соңғы бөйгесіне қосады. Ең соңғы деп қосқан. Иесінің сөмімі мықты, есең түгел болса керек. Тағы да бірінші келіпті. Бұл жолы оқ бойы, тым құрса арқан бойы емес. Құйрық тістепті, ең ақырғы күшін салып. Әрине, бірінші, талассыз озған. Бірақ өзіне тұяғы, атына ризашылық айтып, осымен тоқтапты. Енді қанша жасаса, сонша жүреді деп, өркін жіберген. Жылқының жасы отыз бес, құрық десеңі, яғни енді жиырма бес жыл өзгемен бірге қартаймақ. Бірақ жобалаған жиырма бестің тең жарымы өткенде оқыс іс болады.

Сары-Арқаның самал тесіндегі Шет ауданының алпыс жылдық дүбірлі тойы өткізілмек. Мерекегі ауыл тұрпаты, іргелес ағайындардың өзі жүріктерінен жаратып, дайындала бастайды. Жылқышы малсыз, жайсыз емес. Бірақ міне, қаншама жыл ат қосып көрмеген. Сүркөжектен соң бөйгеден баз кешкені емес, қолына дөмелі қал-құйрық түспеген. Дүбірлі үлкен той жайын естігенде дөмелесі қозады, бірақ амал не. Сөйтпін отырғанда, ат жетектеген баласын ертіп, сыйлағы құрдасы келіпті. «Мынау Аймаңдай ат алдыңғы жылы құнан бөйгеде екінші болды. Қазір ауылдағы қара жарыста өркін озып жүр. Осы балам үлкен деме қылады. Алдағы тойға жаратылсун дейді ғой. Жөкең Аймаңдай аттың тұяғын тірсегің қолтығың, сөрбегін қарап шығып, басын шықайды. «Мынауың міністің аты екен, жасы ат, бірақ бөйгеге жарамайды» дейді. Құрдасы көңілі басылады да, қолқасын қоймапты. Ақыр келіп қалған соң мына балаңның меселдесі қайтпасаң, сенің атыңнан емес, менің атымаңнан қосылады ғой, бір тілгіміз деп бер қылады. Сөйтпін Жөкең құрдасының Аймаңдай атын қалай алшыты.

Қазақтың ат жаратуы – бізбен туыстас монғол мен қырғызда ғана сақталған, басқа ешбір жұртта қалыптаспаған, өлемде үйлесі де, тәндесі де жоқ өзгеше өнер. Ұлттың рухын, мәдениеті мен парасатын айғақтайтын озық өнер. Қазақтағы ат жарату тәсілдерінің өзі, түпкі негізі ортақ, ақырғы нәтижесі бірдей болғанымен, сан салалы. Жөкең де бабалардан жеткен мың жылдық үлгі бойынша, қолына қалаусыз келген Аймаңдай атың терін алып, суытып, бауырын тартып, белін босатып... тиесілі бабына ыңғайлай бастайды. Сол кезде Жөкеңнің құлынды биі, таян, құнанмен бірге, бөйбіт жайылып жүрген Сүркөжек атқа өзгеше мінез пайда болды дейді. Бір-екі күн өлеңдеп жүрген екен, үшшіл күні Аймаңдайдың белін жазып, Жөкеңнің өзі мінпін жүгіртенде, Сүркөжек анадай жердегі үйірден бөлініп келіп, қатарласа шауыпты. Жөкең ат басын тартпаса да, қайта-қайта алға озып, ойқастай беріпті. Кейін, кермеде суыған Аймаңдайды көруге шықса, Сүркөжек те сол жерде тұр екен. Осы жағдай өртенгені тағы қайталанады. Келесі күні Жөкең көрі тұлпарының суды шақтап ішіп, аз ғана оттағанын, іші босап, өзінен-өзі жарауға бет алғанын андайды. Қарт әтбегі кезіне жас алыпты.

Аламан бөйгеге түскен, топтан озган бақытты күндерін ансаған екен ғой, жануар. Бірақ өткен заман қайтып келе ме. Әйтсе де, көңілі қалмасын деп, Сүркөжектің мойнынан құшып, жүгендеп, құрық-жалын тарап, суын есептеп, шөбін санамалап беріп, шындап жарата бастайды. Бөйгеге қосайын деп емес, атының және өзінің көнілін дөлбеу үшін. Бірақ уақыт озған сайын Сүркөжектің өңі кіріп, жүрісі түзелі бастады дейді. Баяғы ең жақсы күндері қайтып оралғандай. Құлағы тілініп, омырауы ашылып, бауыры тартылып, оқтаудай болып жаратады дейді. Енді осы қалпында тастап кетуге тағы да қиын. Атбегі заманы өткен тұлпарын ең ақырғы мұратына жетсің. Бір-екі айналмынан сон өзі де шығып қалар, маған реніші болмасын, дүбірлі бөйгемен, ел-жұртымен қоспасаң, дүбірлі бөйгемен, жануарым» деп Сүркөжекті тойға алып келді.

Бұл тойға мен алыс Алматыдан осы аудандың құрметті азаматы ретінде шақырылған едім. Кен дәлпада өркін тыныстап, халқымен қуанышып, бір жасал қалған. Алғашқы күні сән-салтанат, міндетті жұмыс ресми дастарқаннан сон, екінші күні – тойдың шырақу шын, ұлттық ойындар, құнан жарыс, жорға жарыс, аламан бөйге. Осы бөйгенің алдында көрдім Сүркөжекті. Мені қошаметтеп жүрген Көмал бауырыма жүйріктерді бір шолып шығайық дегем.



тоғызыншы атпен аралық шымжымдап қысқара берген. Шеңбердің жарымына шыққанда басып озып, артқы толға жетті. Бұдан соң менің қолымдағы, қайда барсам тастамай алып жүретін театр дүрбісінің ұшында булдырай тоғырланған аттар июкию араласып кеткен. Бараны да, қылаңы да бар. Сүркөжектен адасып қалдым. Алғашқы шеңбер аяқталып келеді. Алда – ұзын сирақ Сары. Одан соң Тайжирен Қарақасқа. Қалғандары да созылып, топ алдынан өте берді. Менің іздегіміз бір-ақ ат: Сүркөжек. Тәуба, бір айналымға шыдалты және ең соңғы емес, оншақты аттың алды.

Бұдан кейін бәрі де ертегідей болған. Бірінше соң бірін арқа тастап, сүйемей тартып, екінші айналым соңында бел ортаға түсті. «Сүркөжек!» «Сүркөжек!» деген айқай естіледі. Бұрынғы күндерін көрген жұрт. Бәрі де жанашыр, бәрі де тілектес. Бөйгеден келеді деп тұрған ешкім жоқ, тым құрсыз ыш айналымды түгессе екен дейді.

– Мөке, Мөке? Жүр. Мен ауыр ұйқыдан оянағандай Көмалға қараймын. Жана, бөйге басталарда мені төзе басына отырғызып, өзі емлендеп, әлдеқайда жүріп кеткен.

– Сізді маңадан іздеп жатыр екен. Жеке машина бөлтіпті ғой. Әкелдім. Өне тұр. Шеңбердің ішіне кіреміз.

Арнайы рұқсатымыз бар, зыңдап, ат майданның ішіне ендік. Орамның іші белінде, бөйге аттармен қатарласа жылжып, екі-үш машина жүрген. Төрешілер, бакылаушылар, жедел жәрдем. Сол толқа қосылды та кеттік. Бізде міндет жоқ, жүрісіміз өркін. Ілгері көтеміз, кейіндеп қаламыз. Бөйгенің бас-аяғы алақанда.

Бұл кезде сөйгіліктер ұбақ-шұбақ созылған. Ең алда Тайжирен мен Қарақасқа, кезек озысып, бірін-бірі жеп барады. Бұдан соң арқан бойы жерде ұзын сирақ Сары бастаған алғы топ, оншақты ат. «Жылқышы ақсақал жаратқан Аймаңдай осы қатарда» деді маған Көмал. Бұдан соң жекелей шығып, екеу-үшеулен төрт-бестен бөлінген қаншама күлді, ір-көсі-тіркес шұбатылып олар келеді. Осы ұзын шұбақтың бел ортасындағы Сүркөжек аттың тұсына бөкідік. Ең алдығы қос жүйрікпен аралық, шамасы, жартау шақырыман астам болса керек.

Сүркөжек бірқалыпты самғап келеді. Жер өзінен өзі жұтылып, алдыңғы аттар өздері өзі шегініп, кейін қалып бара жатқандай. Екеуден үшеуден тастап келеді. Біз бөйгені толық байыптау үшін тағы да ілгері озып, Әуелгі қос жүйрік бұрынғы келген, енді бірінен-бірі озуға тырыспай, ақтық күшін соғына ірікіп, бірақ кейінгімен қалыпты аралығын сақтап, қанжығаласа сілтейді. Бұларға жалғас алдыңғы топ шетінен сөгіле бастапты. «Жөкең жаратқан Аймаңдай кейін қалды» деді Көмал. Біз де баяулап, артымызға қарайладық. Сүркөжек сол қалпы, еміне шауып келеді.

Үшінші айналым біткенде манайы мен шамалаған менекі екі есе қысқартты. Алғы топтың етегіне ілінді. «Сүркөжек! Сүркөжек!» деген сүреннен күлақ тұнады. «Сүркөжек! Сүркөжек!» Үлкен-кіші, көрі-жас, тойға жиналған неше мың жан.

– Енді кетті! Қос өкпесі бүтін болса, алға шықпай қоймайды, – деді Көмал. Айтқандай-ақ, төртінші айналымның орта тұсынан асқанда Сүркөжектің алдында оқшау шапқан Тайжирен мен Қарақасқа ғана қалып еді. Арасы оқ бойы. Бірақ Сүркөжек саумалап жақындай берді. Арқан бойы, Шылбыр бойы. Осы кезде алдыңғы қос жүйрік те серпіліп, жаңа қарқын алып еді. Аралық қайтадан узара бастады. Бірақ көпке бармады. Ақыры арқанға байланғандай тоқтады. Сүркөжек тіркесе шауып келеді.

– Алып-ай, өкпесі өшіп кетпесе игі еді, – деді Көмал дегенбірі қашып. – Өшпелі. Өне бойы түгел сіңір. Не көрмеген жануар. Алға озыайық, – дедім сосын. – Мүмкін, тартып өкпелерміз. Аз-маз алға жылжып, қос жүйрікке тақалды. – Ал енді Сүркөжектің омырауына қарап, тартып келе жатырмыз деп ойла, – дедім сергіме.

Міне, сол кезде ғана Сүркөжектің шабысына шындал назар аударылып. Әуелден-ақ басқа сөйгіліктерден бөлекше көрінген. Бөлектігі жүгірінде екен. Төрт аяқтап шабады. Төрт тұяғы бірдей, бір мезетте көтеріледі. Осы ғұмырымда ондаған той, жүздеген жүйрік көргенде, солардың ішіндегі төңдесі жоқ тұлпар Нарқызыл ат еді. Менің үлкен өкем баптап, өз қолынан өткерген. Қос аяқтап, тау төкедей орғып шабатын. Алдыңнан тізіліп өткенде, басқа аттардың жүгірісі текірек тәрізді көрінетін. Мынау Сүркөжектің жосыны да өзгеше болып шықты. Төрт аяғымен бір мезетте серпіліп, тап-түп түсіп келеді.

– Тартылды! Тартылды, – деді Көмал балаша куанып.

Шынында, Сүркөжек қайтадан жақындай түскен екен. Төртінші айналымның соңы, тойшы жұрттың шетіне тақанда шаылбыр бойы келе жатқан Сүркөжек айқай-сүрен астында көтеріле шауып, қос жүйрікпен қатарласты да, дулы толтып шарай бетінде созылып, алға түсіп еді.

Сол беті тұтамдап ұзай берді. Әрине, ойша демеіп, қапталдаса сырғып біз де келеміз. Екі аралықта төрешілер мінген машина ғана. Сүркөжек төрт аяқтап, секіре сілтеп барады. Бесінші, соңғы шеңбердің

Тәлім

Атақты Мөңке бидің қартайған кезі екен. Жанында екі атқосшысы бар, жасы он алтыдан жаңа асқан тұрымдай мүсінді, қырғи тілді қара бала үйге рұқсатпен кіріпті.

Мөңке бидің жас Қазыбекті сынауы



– Ассалаумағалейкум! Балам, қай ұлысың? – Уағалейкумассалам! Балам, қай ұлысың? – Аргын Келдібектің баласымын. Атым – Қазыбек.

Тапқыр да аңғаршы Мөңке жасөспірім Қазыбекке аса бір ілтипатпен қарап, ақбұраның шудасындай салалы сақал-мұрттын тұтамдап ұстапты да, сөзді өзі бастапты.

– Ымн, қаракөкс екенсің ғой. Өкен Келдібек пен шешен Төкмәйіл түгіл ұлы атаң Шаншар абызды білуші едім. Шешен сөйлітме болса да, күн батысымен екі иығында шырақ маздап тұратындықтан «Ақсақ бике» атанып еді. Шырағым, атадан үш түрлі бала туады. Бір бала өкесінен асып туатын, бір бала өке өкшесін басып туатын, енді бір бала бар, ол өкеден көрі қашып туатын. Сөн соның қайсысы боласың?

Қазыбек мүдірмейді. – Менің атадан асып туған бала болар-болмасымызды алдағы өмірім, өнерім біледі ғой. Ал кері қашып тудым деп өзің де, өзге де реніш болар еді. Әзірше өз ойым өкшесін басып тудым ба деймін.

Мөңке би сөзін қайта сабақтап, тағы бір сұрақ береді. – Уа, балам! Өтірік пен шынның арасын өлшедің бе? Қаршайдайынан ойын құмай, ой құйып өскен Қазыбек бұған қайдан сүрінсің!

– Өлшемдім, ата. Өтірік пен шынның арасы төрт-ақ елі, – деп он қолының төрт саусағымен көз бен құлақтың аралығын баса қойыпты.

Мөңке би іштей тәнті болып, тағы бір қырына алады. – Уай, Қазыбек, нағашың Сүлеймен үйбөріктеу болса да, баспа еді. Жиен екенсің. Ақыл кімнен шығады, асыл неден шығады, қанат неден шығады, жанат неден шығады, санат неден шығады, ағат неден шығады, оны білдің бе? – дейді шүйліп.

Қазыбек: – Меніңше, ақыл жастан шығады, асыл тастан шығады. Тату болса ағысын бірі – құйрық, бірі – жап қанат содан шығады. Қой терісін қорлама, жанат содан шығады. Халқы үшін қарттар қам жесе, санат содан шығады. Өнерсіз болса бозбала, ағат содан шығады, – дейді.

Осы тұста Мөңке бидің ақбоз үйіне ауыл ақсақалдары келіп, бөйбіше қымыз құяды. Ұғайма ақсақал тұрып Қазыбек енді Мөңкеңнің өзін дөңгелетеді.

Қымыз үстінде әуелі: – Нағашы, екеуіңіз қалай? – депті.

Мөңке би бөгелмей: – Екеуім үшеу болды. – Алысыңызбен қалайсыз, жақыныңызбен қалайсыз? – Жақынымымен жауша жағаласып, жамандарша найзаласамын. Алысым арадасты.

– Тәттіңізбен қалайсыз? – Жиен-ай, тәттіңіз дәмді азая бастады ғой, – дейді Мөңке.

– Несиеңіз тие ме, нағашы? – депті Қазыбек. Сонда Мөңке би: – Жасымаң берген несием қартайғандағы несібем екен. Ұй тігіп, қымыз сапырып отырғаным соның арқасы, – дейді қуанышы үнмен.

Қазыбек Мөңке бидікінен түстік жеп, бата алып аттанады. Былай шыққан сон екі жолдасы: – Би екеуіңнің жаңағы жұмбақтап сөйлескеніңе біз түсінбедік. Шешуін айтып, ұғып алайық, – депті.

«Оның мәні былай дейді» Қазыбек. – Екеуің қалай дегенім, «еке аяғың қалай, өздігіңнен жүре аласыз ба?» дегенім еді. Мөкең: – Екі аяққа бір таяқ қосылып, үшеу болды, – деді. «Алысыңызбен қалайсыз?» дегенім, «алыстағыны көре аласыз ба?!» дегенім еді. Қария: – Алысты көрмейтін болдым! – деді. «Жақыныңызбен қалайсыз?» дегенім, «тамақ ішіп-жеуіңіз қалай?» дегенім еді. Қария: – Әр жерде қадау-қадау ғана тісім қалды, сонымен арпалысып күнелтемін, – деді. «Тәттіңізбен қалайсыз?» дегенім, «ұйқыңыз қалай?» дегенім еді. Қария: – Ұйқым азайды, – деп жауап берді. «Несиең тие ме?» дегенім, «Балаларың күте ме, жасында сіз оларды бағып-қағып есіріңіз, енді олар сол еңбегіңізді өтеді ме?» дегенім еді. Қария: – Дұрыс тәрбиелеп, жақсы өсірген бала адамға қартайғанда бақыт екен, қызығын көріп отырмын, – деді қуанып. Міне, осы еді арамыздағы әңгіме, – деп аяқталты Қазыбек би бала кезінде.

Даналық – ақылды жүрек пен әділдікке бағындыру! Дана адам тек дұрыс емес, әділ шешім қабылдайды, тек пайдасын емес, салдарын ойлайды. Тек өзін емес, елді ойлайды. Ақыл миға тән. Даналық жүрек пен рухқа тән. Ақылды адам дауды ұтып шығуы мүмкін. Дана адам дауды бітіріп шығарады. Ақылды адам сөз табады. Дана адам орынды сөз табады. Ақылды адам қателеспеуге тырысады. Мөңке би мен бала Қазыбектің арасындағы диалог – осының айғағы.

Ашық дереккөзден

Сараптама КӨКТЕМ ТОСЫН МІНЕЗ ТАНЫТСА ҚАЙТЕМІЗ?

Апат айтып келмейді. Бұған сыртты айтпағанда, соңғы аптадағы аудандағы ахуал да айқын дәлел. Қыстың аяғы бітіп, көктемнің алғашқы жылуы сезіле бастағанда ел көңілінде қандай алаң басым? Биыл бес өңірде қар қалың жауды. Бұл – жай маусымдық құбылыс емес, көктемгі тәуекелдің нақты көрсеткіші. Күн күрт жылына не болады? Қалың қар қысқа мерзімде ерісе, өзен арналары артық суды көтере ала ма? Мұз кептелісі болса, ағыс қай бағытқа бұрылады? Табиғаттың тосын мінезін дәл болжау қиын. Мәселе табиғаттың құбылуында ғана емес, оған дайындық деңгейінде. Ендеше біз көктемді қаншалықты жауапкершілікпен қарсы аламыз? Қар еру кезеңі сынаққа айналмас үшін қандай нақты тетіктер іске қосылмақ? Су тасқынына қарсы жүйе шынайы әрекетке дайын ба, әлде тағы да тосыннан сілтеме жасаймыз ба?

Әлемдегі ахуал қалай?

Соңғы бес жылда қардың мол жиналуы мен оның күрт еруі әлемнің әр түрлірінде қайталанған сценарийге айналды. Бұл – бір елдің емес, тұтас аймақтардың ортақ мәселесі. 2021 жылы АҚШ-тың батысында қыс бойы жиналған қардың суға тең қоры кей бассейндерде 130 пайызға дейін жетті. Наурыз айында температура бірнеше күн ішінде күрт көтеріліп, қар еріп, үстіне жауын қосылды. Нәтижесінде 4 мыңнан астам тұрғын үй зақымданып, шығын көлемі 3 млрд доллардан асқан.

2023 жылы Норвегияның кей өзен бассейндерінде қар қоры 150 пайызға жуықтады. Мамыр айында ауа температурасы қысқа мерзімде 20 градуска дейін көтеріліп, өзен деңгейі соңғы 50 жылдағы ең жоғары көрсеткіштердің біріне жетті. Мыңдаған адам эвакуацияланып, жолдар мен көпірлер бүлінді.

2024 жылдың көктемі Қазақстан үшін де ауыр сынақ болды. Қалың қар, күрт жылыну және мұз кептелістері салдарынан жүз мыңнан астам адам эвакуацияланды. Бірнеше өңірде төтенше жағдай жарияланып, мыңдаған тұрғын үй су астында қалды. Бұл тәуелсіздік кезеңіндегі ең ірі көктемгі тасқының бірі ретінде тіркеліп, соңғы ондаған жылдағы ең ірі көктемгі тасқының бірі болғаны баршамамызға мәлім.

2025 жылы Ресейдің Челябинск және Орынбор облысы аумағында қардың жаппай еруі салдарынан өзен деңгейі бірнеше метрге көтерілді. Ондаған мың тұрғын уақытша көшіріліп, мыңдаған үйге су кірді. Бұл оқиғаның арқасында ер елде болғанымыз, ортақ формуласы бір. Қар қоры 120-150 пайыз деңгейіне жеткенде және ауа температурасы қысқа уақыт ішінде 10-15 градуска көтерілгенде, гидрологиялық жүйе шамадан тыс жүктемеге түседі. Егер топырақ әлі тоң болып, су сіңбесе, бүкіл көлем өзендерге бағытталады. Ал мұз кептелісі болса, ағыс тежеліп, тасқын ауқымы ұлғаяды.

Соңғы бес жылда көктемгі тасқындан келген экономикалық шығын әлем бойынша ондаған млрд долларға жеткен. Мыңдаған үй қирап, жүздеген мың адам уақытша баспанасыз қалды. Бұл қар еруінің жай маусымдық құбылысы емес, климаттың тәуекелге айналғанын білдіреді. Демек, мәселе қардың тусуында емес, оның шырғаланып, бір мезетте босауында.

2026 жылдың көктемі де осы заңдылықтан тыс болмайды. Сондықтан басты сұрақ – қар қанша екенінде емес, сол көлемді жүйе қаншалықты көтере алатынында. Ал ендігі көкейдегі күрмеулі сауал биылғы әлемдік қар қорының деңгейіне қатысты. Көктемде бұл қаншалықты қауіп тудыруы мүмкін?

Қауіп қайдан? Жаһандық болжам

2026 жылдың көктемі де әлемнің бірқатар өңірінде қар қорына байланысты алаңмен басталып отыр. Қыс маусымының қорытынды көрсеткіштері гидрологтар үшін басты индикатор саналады. Себебі көктемгі су тасқынының ауқымы көбіне қардың еруіне байланысты. Мамандар мұны қардың су эквиваленті деп атайтын кө-



рinedі, яғни қар еріген кездегі нақты су көлемі есепке алынады.

Солтүстік Америкадағы мәліметтерге сүйенсек, Канададағы британдық Колумбия аймағында 2026 жылғы ақпан айының басында қар қоры орта есеппен қалыпты көрсеткіштің 96 пайыз деңгейінде тіркелген. Бұл жалпы алғанда нормаға жақын деңгейді білдіреді. Алайда жекелеген бассейндерде көрсеткіш 142 пайызға дейін жеткен. Мұндай айырмашылық көктемде жергілікті су тасқыны қаупінің әрқелкі болатынын көрсетеді. Кей аудандарда қар қоры небәрі 61 пайыз ғана болған, бұл жерде керісінше су тапшылығы қаупі айтылады.

АҚШ-тың батыс бөлігінде 2026 жылғы қар суына тең көрсеткіш шамамен 62 пайыз деңгейінде бағаланған. Орта және шығыс аймақтарда бұл көрсеткіш кей жерлерде 50 пайыздан төмен. Бұл жалпы қар қоры аздау екенін аңғартады. Дегенмен мамандар қардың аз болуы автоматты түрде қауіп жоқ деген сөз емес екенін ескертеді. Егер қалған қар қысқа мерзімде еріп кетсе немесе нәсер жаңбырмен қабаттасса, өзендерге түсетін жүктеме күрт артуы мүмкін.

Еуропа мен Ресейдің бірқатар бөлігінде биыл қар қоры көпжылдық орташа деңгейден жоғары тіркелген өңірлер бар. Әсіресе Сібір мен Орал маңындағы қар қалыңдығы трансшекаралық өзендер үшін маңызды фактор саналады. Мұндай жағдайда шешуші рөлді ауа температурасының көтерілуі қарқыны атқарады.

Сарапшылардың ортақ тұжырымы бар. Қардың мөлшері емес, оның еру жылдамдығы басты қауіп тудырады. Температура біріндеп көтерілсе, су жерге сіңіп, өзендерге баяу түседі. Ал күрт жылыну болса, қар қысқа уақытта жаппай еріп, өзен арнасын толтырып, мұз кептелістерімен қосылғанда су тасқынына алып келуі әбден ықтимал.

Қазақстанда 272 елді мекен бақылауда

Көктем таяған сайын статистика да, жауапкершілік те салмағын еселеуде. Биылғы гидрологиялық маусымға қатысты алдын ала бағалау елдің 5 өңірін ерекше назарға шығарып отыр. Қазгидромет ұсынған ақпан айындағы болжамға сәйкес, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Ақмола және Абай облыстарында су тасу тәуекелі бар. Бұл – нақты қауіп жарияланды деген сөз емес, бірақ гидрологиялық теңгерім осал екенін білдіретін сигнал.

Өткен жылдың қорытындысынан сабақ алдық па? 2025 жылғы талдау нәтижесінде 1 242 елді мекен тәуекел аймағына енгізілген еді. Соның ішінде 736 елді мекенде жүргізілген инженерлік және ұйымдастырушылық шаралар қауіп деңгейін барынша төмендетті. 234 елді мекенде қауіп толық сейілді. Қазір 272 ауыл бақылауда қалып отыр. Бұл сандар – құрғақ есеп емес, тәуекел картасының қалай өзгеріп жатқанын көрсететін динамика.

Су қоймаларының толу деңгейі де назар аударарлық. Солтүстік өңірлерде орташа толу көрсеткіші 68 пайызды құрайды. Бұл көрсеткіш батыста 50 пайызға тең. Орталықта – 68 пайыз. Ал шығыста 85 пайызға жеткен.

Бір қарағанда, бұл тек пайыздық көрсеткіш сияқты көрінуі мүмкін. Алайда мұның астарында басқару режимі жатыр. Барлық су қоймасында болжамды артық ағынды қабылдау үшін бос кеңістіктер алдын ала сақталған, яғни мәселе толуға емес, реттелуіне.

Еліміздің оңтүстігі су тасқыны қаупі жоғары аймақтардың қатарына кірмегенімен, бұл өңірлерді «қауіпсіз аймақ» деп кесіп айтуға әлі ерте. Қар мөлшерінің салыстырмалы түрде аз түсуі тәуекелді төмендетуі мүмкін. Десе де «жау жоқ» деп жайбарақат отыруға негіз жоқ.

Оңтүстік аймақтарда дәл қазір есеп емес, әрекет жүріп жатыр. Алматы облысында 45,7 шақырым арқы, 31 шақырым канал, 4,2 шақырым өзен арнасы тазартылған. Автоматты және теміржол астындағы 21 су өткізу құбыры ретке келтірілген. Қонаев пен Алатау қалаларында арнайы қар полигондары белгіленіп, мердігер ұйымдар қарды жүйелі түрде шығарып жатыр.

Қарды уақытында шығармау – көктемде суды өз аулаңда қарсы алу деген сөз. Жамбыл облысында Шу өзені бойына маусымдық гидрологиялық бекет орнатылды. Су деңгейі тұрақты бақылауда. Себебі бұл – трансшекаралық өзен. Жоғары ағыста өзгеріс төменгі бөлікте бірнеше сағатта өсер етуі мүмкін. Жетісу облысында да дайындық көзге көрінетін деңгейде. 14 шақырым су ағызу каналы қазылып, тазартылды. 3 шақырым қорғаныш бөгеті жөнделді. 11 шақырым өзен арнасы механикалық тазартылған етті. Тағы 13 шақырым жағалау тереңдетіліп, нығайтылды. Бұл шаралар 17 елді мекеннің су басу тәуекелін елуге түрде азайтады. Қардың аз болуы кепілдік емес. Сондықтан оңтүстікте қазір ең маңыздысы бақылау мен алдын алу. Бұл – апаттан кейінгі әрекет емес, апатқа жеткізбеудің амалы.

Қазіргі кезеңде мониторинг штаттық режимде жүріп жатыр. Су деңгейлері, қар қоры, ауа температурасының өзгерісі үздіксіз бақылауда. Нәтижелер әр он күн сайын жаңартылып отырады. Бұл шешім қабылдау процесі енді бір реттік емес, кезеңдік талдауға негізделгенін көрсетеді. Бірінші наурызда жарияланған болжам жағдайды нақтылай түсіп, қажет болған жағдайда түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі біздегі ахуалдан аңғарғанымыз, қауіп жоқ дегуге әлі ерте, бірақ жағдай бақылаусыз да емес. Сандар тәуекелдің бар екенін көрсетсе, атқарылған жұмыстар оның ауқымын шектеуге бағытталғанын дәлелдейді. Көктемнің мінезі қандай болатынын уақыт көрсетеді. Ал жүйенің дайындығы дәл осы кезеңде сыналады.

Шекара сыртындағы су: «Ириклі» мен Жайықтағы жағдай қалай?

Әңгіме «Ириклі» су қоймасы туралы. Ол Жайық өзенінің жоғары ағысында, Орынбор облысы аумағында орналасқан. Демек, Қазақстанға келетін су көлемі сол қойманың режиміне тікелей байланысты. 16 ақпандағы ресми дерекке сәйкес, су қоймасының жиналған көлемі 2 736 млн текше метрді құраған. Қоймаға келіп түсетін су – секундына 11,6 текше метр. Ал төмен қарай жіберіліп жатқан су – 139 текше метр/се-

кунд. Ресми мәліметтерге сүйенсек, қазіргі ағын реттеліп отыр, күрт босату жоқ.

Ресей тарапының мәліметі бойынша, тасқын кезеңінде «Ириклі» жіберілетін су көлемі секундына 200 текше метрден аспайды деп жоспарланған. Егер осы режим сақталса, Жайық бойында су деңгейінің күрт көтерілуі қауіп деп бағаланып отыр, яғни бүгінгі есеп бойынша, трансшекаралық фактор бақылауда.

Сонымен қатар Қытаймен де трансшекаралық сулар бойынша жедел хабарлау жүйесі жұмыс істейді. Мысалы, Ертіс өзеніндегі ағын жылдамдығы секундына 1 400 текше метрден асқанда, Нанвань гидробекеті арқылы автоматты түрде хабарлама түседі. Бұл – қауіп туындамай тұрып, әрекет етуге арналған механизм.

Қорытындысы қарапайым, дәл қазір қауіп жоқ. Бірақ трансшекаралық өзендерде «мүлде тәуекел жоқ» деген ұғым болмайды. Сондықтан басты фактор – мониторинг пен келісілген әрекет. Сандар соны айтып тұр.

Әлем үйренді, біз ше?

Су тасқыны бүгінде жекелеген елдің емес, жаһандық басқару мәселесіне айналды. Соңғы жылдардағы апаттардан кейін көптеген мемлекет табиғатпен «күресуді» емес, тәуекелді алдын ала басқаруды таңдады, яғни тасқын басталған соң әрекет ету емес, қауіп туындамай тұрып, жүйені дайындау басты қағидаға айналды.

Еуропада бірыңғай ерте ескерту жүйелері жұмыс істейді. Гидробекеттер, метеорадарлар мен спутниктік деректер бір орталыққа жиналып, бірнеше күн бұрын болжам жасалады. Өзен деңгейі онлайн режимде жарияланып, тәуекел карталары тұрақты жаңартып отырады. Нидерланд өзенді тек бөгеп қоюмен шектелмей, керісінше суға «кеңістік беру» моделіне көшті. Өзен жайылмалары кеңейтіліп, артық су арнайы аймақтарға бағытталады. Бұл – суды тоқтату емес, оны басқару тәсілі.

Қытай мен Солтүстік Америка елдері су қоймаларын икемді режимде ұстайды. Көктем қарсаңында қоймаларда арнайы бос көлем қалдырылып, артық ағынды қабылдауға дайындық жасалады. Қалаларда да бейімделу жүріп жатыр, жерасты тасқын тоннельдері, су сіңіретін жасыл аймақтар, дренаж жүйелері күшейтіліп, қар қоры қыстың өзінде есептеліп, қардың суға тең көлемі алдын ала талданады, яғни шешім наурызда емес, қаңтарда қабылданады.

Ал Қазақстанда жағдай қандай? Соңғы жылдары дамбалар нығайтылып, су арналары тазартылып, трансшекаралық өзендер бойында көрші елдермен ақпарат алмасу күшейтілді. Бірақ жүйелік тұрғыда әлі де күшейтуді қажет ететін бағыттар бар секілді. Әр бассейндік нақты көрсеткіші ашық әрі жедел жаңарып тұрса, өңірлік шешімдер де дер кезінде қабылданады. Гидротехникалық нысандардың жағдайы жаңартылса, қорғаныс құрылыстарының өткізу қабілеті де қазіргі климаттық жүктемеге сай болу мүмкіншілігі артатыны айқын. Өзен жайылмасын қорғау саясаты

күшейтілсе нұр үстіне нұр. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, өзенге келістік берілмесе, ол оны өзі алады. Ең бастысы, басталғанда емес, қар ерімей тұрып әрекет ету. Су тасқыны – тосын құбылыс емес, басқарылатын тәуекел. Оны азайту үшін есепте, инженерлік шешім де, саяси ерік те қатар жүруі керек. Көктем сынақ болады. Бірақ дайындық деңгейі сол сынақтың салмағын анықтайды.

Сыр бойындағы ахуал қалай?

Сырдың бойындағы ел үшін дария – жай ғана өзен емес, тіршіліктің тамыры. Көктем туа күннің көзі жылына бастаса, жағалаудағы жұрт судың қас-қабағын бағатыны содан арнасын асса алаң, тайыз тартса, тағы да алаң. Өйткені Сырдарияның мінезі өңірдің тынысымен тікелей байланысты.

Биыл өзінде дарияның көрнеуінен асып, жағасына сыймай ағар қауіп алдыстау көрінеді. Тасқын емес, керісінше басқа қауіптің көлеңкесі сөзіле бастады. 2026 жылы оңтүстікте су тапшылығы байқалуы мүмкін деген болжам бар. Бұл – әсіресе ағарлар аймақ үшін елең еткізер ескерту.

Сарапшылардың дерегіне сүйенсек, Сырдария мен Талас бассейндерінде су деңгейі көпжылдық нормадан төмен болады деп күтілуде. Іле мен Шу өзендерінде жағдай салыстырмалы түрде тұрақты болғанымен, ағын біркелкі емес, яғни бір мезетте жеткілікті көрінген су келесі кезеңде азайып кетуі ықтимал.

Негізгі себеп, 2025 жылы жауын-шашынның аз түсуі. Әсіресе таулы аймақтарда ылғал қоры нормадан төмен қалыптасқан. Тау басындағы қар мен жауын – төмендегі өңірдің ырысы. Сол ылғал жетіспесе, өзеннің де, арқықтың да суы кемиді.

Бұл жерде тағы бір маңызды фактор бар. Қырғызстан аумағындағы «Тоқтоғұл» су қоймасы көлемі былтырғыдан 1,5 шақырым текше метрге азайған. Бұл көрсеткіш төменгі ағысқа тікелей өсер етеді. Әсіресе Түркістан облысы құрамындағы Мақтаарал мен Жетісай аудандары үшін «Достық» каналы арқылы келетін су көлемі қысқарса, суармалы өңірлікке салмақ түседі.

Оңтүстік үшін су – экономиканың тірегі. Көктемгі тасқындан қорқу бір басқа, ал жазғы тапшылық мүлде басқа мәселе. Бірі – қысқамерзімді қауіп, екіншісі – маусымдық. Мамандар суару режимін қайта қарап, суды тиімді бөлу тетіктерін күшейтуді ұсынып отыр. Резервтік қорларды дайындау, шығынды азайту, қалалардағы ысырапты қысқарту – бүгінгі күннің талабы. Өйткені су тапшылығы алдын ала дайындықты қажет етеді. Ол бір күнде келмейді, бірақ бір маусымда қатты сезіледі. Сыр бойы биыл тасқындан тапшылықтың белгісін көбірек сезінуі мүмкін. Дарияның деңгейі төмен болса да, жауапкершілік жоғары. Себебі су – тек табиғаттың ғана емес, тіршіліктің өлшемі.

Аудандық су да дарияның бойында. Сондықтан су – біздің өміріміздің өзегі. Бірақ сол өзек кейде арнасына сыймай, мінез танытынын да ұмытпаған жөн. Кешегі ауа райының тосын құбылысы соны тағы бір мәрте еске салды. Таң көктайғақпен басталды. Тұсауа ақпанның ашулы дауылы қосылды. Бір күннің ішінде табиғат қаншалық құбылатынын көрдік. Дәл осы

құбылмалық – дария бойындағы ел үшін ең үлкен сабақ.

Өне-міне дегенше қыс аяқталды. Күннің қызуы күшейсе, қар ерімей қоймайды. Жоғары ағыстағы өзгеріс төменге жетеді. Судың деңгейі баяу көтерілуі мүмкін, кейде көзге білінбей жиналуы ықтимал. Ал біз соған қаншалықты дайынбыз? Дария өзінде сабырлы, арнасы тыныш. Бірақ табиғаттың тыныштығы мәңгілік кепіл емес. Бір ғана дауыл ауданның шаруасын туралатып жіберсе, көктемгі тасқын одан да күрделі сынаққа айналуы ғажап емес. Сондықтан дәл қазір – қамданатын уақыт. Арық-ағызды аршу, су өткізгіштерді тексеру, қорғаныс бөгеттерін бекіту – тек техникалық жұмыс емес, қауіптің алдын алудың мәдениеті. Дария бойындағы ел судың мінезін ерте бағалауға үйренген. Бірақ сақтық ешқашан артық болмаған. Кешегі көктайғақ пен дауыл – ескерту. Табиғат алдымен ишара береді. Сол ишараны дер кезінде түсініп, әрекет ету – біздің жауапкершілігіміз. Көктем келсе, су өз жолымен ағады. Ең бастысы, біз сол жолға дайын болуымыз керек.

Нақты қадам: Жалағаштың жоспары жүйелі

Иә, Жалағаш – дариямен біте қайнасқан өлке. Сырдария аудан аумағын 84,5 шақырым бойлай кесіп өтеді. Осы аралықта өзенге қарсы 96,5 шақырым қорғаныс бөгеті тұрғызылған. Оның 56 шақырымы оң жағалауда, 40,5 шақырымы сол жағалауда. Бұл – судың тосын мінезіне қарсы созылған қорғаныс белдеуі. Дариямен бірге Қараөзек арнасының да 48 шақырымы ауданның үстімен өтеді. Онда 8,3 шақырым бөгет бар. Бұл бекіністер Ақсу, М.Шаменов, Таң, Қаракөткен ауылдық округтері мен Далдабай елді мекенін мол судан қорғауға арналған.

Өзеннің сабырлы ағысының артында осындай нақты дайындық тұр. Қыс келген сайын мамандар мұз кептелтуі мүмкін 13 ұсакені бақылауға алады. Мұса қайыры, Байбыхан, Әшірман түбегі, Ақшығанақ, автокөлік көпірі маңы, Ақтөре, Тұрмыбет, Қараирік, Ошағанды, Тарыбарық, Семіт-арна, Қосбөгет, Шөмен қайыры – дарияның мінезі сыналатын нүктелер. Су басу қаупі бар аймақта шамамен 70 мың гектар жер жатыр. Соның 5 300 гектары – ауыл шаруашылығы алқабы. 100 шақырым электор және байланыс желісі, 50 шақырым теміржол, 50 шақырым автокөлік жолы осы белдеуде орналасқан, яғни мәселе – тек су емес, тұтас инфрақұрылым тағдыры.

Қауіп төнсе, 4 эвакуациялық жинақтау және 10 қабылдау бекеті іске қосылады. «2025-2026 жылдардың қыс-көктем кезеңінде Сырдариямен келетін мол суды қауіпсіз өткізуге арналған іс-шаралар жоспары» бекітілген. Кезекшілік кестесі де даяр. Алғашқы болып жұмылдырылатын 12 ЖШС мен шаруа қожалықтардан 30 техника дайын тұр. 12 погрузчик, 9 трактор, 4 КамАЗ, 2 экскаватор, 3 ЗИЛ. Материалдық қор да есептеулі, 8 мың дана қап, 900 литр бензин, 3,2 тонна дизель, мың бау камыс, 1 200 қада, мың сабан пресс. Азық-түлік пен өзге қажеттіліктер бойынша келісілгенде де жасалған. Төтенше жағдайда аудан бойынша 6 құлақтандыру қондырғысы бар. Жалағаш кентінде үш сирена – «Қазақ телекомда», аудандық емханада, №202 мектепте. Ауылдық округтерде тағы 3 жүйе жұмыс істейді.

Қауіпті аймақта 1072 үй орналасқан. Онда 5 367 тұрғын өмір сүреді. Олардың иелігінде 22 628 мал бар. Сондықтан мал шаруашылығы нысандарын қауіпсіз аймаққа көшіру, жаңа жер телімдерін тәуекел белдеуінен тыс беру жөнінде ұсыныстар жолданған.

Түсіндіру жұмыстары да назардан тыс емес. Төтенше жағдайлар бөлімі, №11 өрт сөндіру бөлімі, полиция, жергілікті атқарушы органдар мен еріктілер дария жағасындағы тұрғындарға ескерту хаттарын таратып, мал мен мүлікті көшіру бойынша нұсқаулық берген. 20 мектептің 1 985 оқушысы мен 86 мұғалім қатысқан қауіпсіздік сабақтары өткізілді, 1 985 ұнпарақ таратылды.

Жалағаш – өзен бойындағы аудан. Сондықтан дайындық – маусымдық науқан емес, күнделікті жауапкершілік. Дария арнасымен тыныш ағып жатқанымен, оның өр тоқынына осындай нақты қам-қарекет бар.

Гүлжан ЕСЖАН

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-56
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат

комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті

жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар оңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмес 8 (7242) 70-14-08

телефон нөміріне хабарлауға болады.

Таралымы 2983 Тапсырыс №364

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Гүлжан ЕСЖАН